

**«Педагогикалық әдеп» кеңесінің
2024-2025 жылға арналған
жұмыс жоспары.**





«Бекітемін»

№17 «Шұғыла» білім және ғылым басқармасының
менгерушісі: Жолдасбекова Д.Н

2024-2025 оқу жылындағы «Педагогикалық әдеп» кеңесінің жұмыс жоспары

№	Мазмұны	Іс –шара түрі	Өтетін уақыты	Жауаптылар
1	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту.	Педагогикалық әдеп құрамын бекіту.	Қыркүйек	Әдеп кеңесінің төрайымы Кенес мүшелері
2	Педагогтардың кәсіби әдеп нормаларын сақтау мәселелері	Дөңгелек үстел	Қазан	Әдеп кеңесінің төрайымы Кенес мүшелері
3	Ата-аналармен қарым-қатынастағы педагогикалық әдеп	Кездесу кеші	Қараша	Әдеп кеңесінің төрайымы Кенес мүшелері
4	Балалармен жұмыс барысындағы педагогикалық әдеп	Талдау, пікірталас	Желтоқсан	Әдеп кеңесінің төрайымы Кенес мүшелері
5	Педагогтардың сөйлеу мәдениеті және сыртқы келбеті	Бейнероликтер байқауы	Қаңтар	Әдеп кеңесінің төрайымы Кенес мүшелері
6	Қиын жағдайларда педагогтың әдепті міне-құлқы	Пікірталас	Ақпан	Әдеп кеңесінің төрайымы Кенес мүшелері
7	Педагогикалық этика және ұжымдағы қарым-қатынас	Челендж	Наурыз	Әдеп кеңесінің төрайымы Кенес мүшелері
8	Педагогтың әдеп үлгісінің қалыптасуына кедергі келтіретін мәселелерді анықтау	Әңгімелесу	Сәуір	Әдеп кеңесінің төрайымы Кенес мүшелері
9	Бір жылдық қорытынды есеп беру жұмыстары	Қорытынды жиналыс	Мамыр	Әдеп кеңесінің төрайымы Кенес мүшелері

№ 17 «Шұғыла» бөбекжай балабақшасы

Бұйрық 25/3

Ақтөбе қаласы

02.09.2025ж

«Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын бекіту»

Комиссия төрайымы :

1.Ахметова Калима Нурасыловна-тәрбиеші

Комиссия мүшелері:

2.Тукбаева Бибигул Абуовна – кәсіподақ төрайымы

3. Шульгина Вера Рифатовна – тәрбиеші

4. Серғазықызы Ақбалдақ –тәрбиеші

5. Курманова Гулшат Тулеуовна –тәрбиеші

6. Бекетова Гүлмира Б – тәрбиеші

7. Оразғалиева Нұржауған Асқарқызы – хатшы

2. Осы бұйрықтың орындалуын басшылыққа алуды өзіме қалдырамын.

№ 17 «Шұғыла» б.б меңгерушісі



Жетілгенова Д.Н

Хатшы

Оразғалиева Н.А

«Педагогикалық әдеп комиссия отырысының»

№ 1 ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы: «Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын бекіту»

Қатысты: 6

Педагогикалық әдеп комиссиясының төрайымы:

Ахметова Калима Нурасылована – тәрбиеші

Комиссия мүшелері:

Тукбасва Б.А – кәсіподақ төрайымы

Шульгина В.Р – тәрбиеші

Оразғалиева Н.А – хатшы

Бекетова Г.Б – тәрбиеші

Курманова Г.Т – тәрбиеші

Сергазықызы А – тәрбиеші

КҮН ТӘРТІБІ

Балабақшадағы педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын бекіту

Кеңес мүшелерінің қызметтік міндеттері мен жауапкершілігін нақтылау

ТЫҢДАЛЫМ

Педагогикалық әдеп төрайымы педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын таныстырды.

Ұсынылған құрамға тәжірибелі тәрбиешілер, кәсіподақ төрайымы енгізілді.

Кеңестің негізгі мақсаты – балабақша ұжымында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру, педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, балалармен және ата-аналармен дұрыс қарым-қатынас орнату екендігі атап өтілді.

Сонымен қатар, тәрбиешілердің кәсіби этикасын сақтау

Балабақшадағы педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын бекіту

Кеңес мүшелерінің қызметтік міндеттері мен жауапкершілігін нақтылау

Педагогикалық әдеп ережелерін сақтау және жетілдіру жолдарын талқылау

Тәрбиешілер мен қызметкерлер арасындағы қарым-қатынас мәдениетін нығайту

Сонымен қатар, тәрбиешілердің кәсіби этикасын сақтау, қызметкерлер арасындағы сыйластықты арттыру, туындаған даулы мәселелерді әділ қарастыру қажеттілігі айтылды.


ШЕШІМІ

Ұсынылған педагогикалық әдеп кеңесінің құрамы бекітілсін.

Балабақшада тәрбиешілер мен қызметкерлер арасында өзара сыйластық пен мәдениетті қарым-қатынасты дамыту бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Кенес отырыстары жоспарға сәйкес тұрақты түрде өткізіліп отырсын.

Комиссия төрайымы:



Ахметова К.Н

Хатшы:



Оразғалиева Н.А

Біз төмендегі комиссия мүшелері арқылы жұмыстардың жүргізілуін растап қол қоямыз

Тукбаева Б.А – кәсіподақ төрайымы



Исмайлгина В.Р – тәрбиеші



Оразғалиева Н.А – хатшы



Бекетова Г.Б – тәрбиеші



Курманова Г.Т – тәрбиеші



Сарғазықызы А – тәрбиеші



Педагогтардың кәсіби әдеп нормаларын сақтау мәселелері



Тақырыбы: Педагогтардың кәсіби әдеп нормаларын сақтау мәселелері

Максаты: Педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтау маңыздылығын талқылау, тәжірибе алмасу, өзара түсіністік пен педагогикалық мәдениетті дамыту.

Жүргізуші сөзі: Құрметті әріптестер! Бүгін біз «Педагогтардың кәсіби әдеп нормаларын сақтау» тақырыбында дөңгелек үстел өткізіп отырмыз. Педагогтың кәсіби әдебі — оның беделі мен балаларға беретін тәрбиесінің айнасы. Сондықтан бұл мәселе әрқайсымыз үшін маңызды.

Баяндама: Тақырып: Педагогикалық әдеп ұғымы және оның маңызы

Педагогикалық әдеп — педагогтың кәсіби қызметіндегі мінез-құлық мәдениеті мен адамгершілік нормаларының жиынтығы. Ол тәрбиешінің балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынасында көрініс табады. Әдепті педагог — тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар балаға үлгі болатын тұлға. Балабақша жағдайында педагогикалық әдептің маңызы ерекше. Себебі мектепке дейінгі жастағы балалар тәрбиешінің әрбір іс-әрекетін, сөйлеу мәнерін, қарым-қатынасын қайталайды. Сондықтан тәрбиеші әрдайым сабырлы, мейірімді, әділ және жауапты болуы тиіс.

Педагогикалық әдептің негізгі қағидаларына мыналар жатады:

балаға құрметпен қарау;

оның жеке тұлғасын сыйлау;

шыдамдылық пен сабырлылық таныту;

әділдік пен адалдық сақтау;

кәсіби жауапкершілікті сезіну.

Тәрбиеші балалармен қарым-қатынаста дөрекілікке, каталдыққа жол бермеуі керек. Керісінше, жылы сөз айтып, баланың сенімін арттыру маңызды. Әр бала — жеке тұлға, сондықтан оның қабілеті мен ерекшелігін ескеру педагогикалық әдептің маңызды бөлігі болып табылады.

Ата-аналармен қарым-қатынас та үлкен рөл атқарады. Тәрбиеші ата-анамен сөйлескенде сыпайылық сақтап, түсіністікпен қарауы қажет. Қандай да бір мәселе туындаса, оны сабырмен, мәдениетті түрде шешу — кәсіби әдептің көрсеткіші.

Сонымен қатар, әріптестер арасындағы қарым-қатынас та сыйластыққа негізделуі тиіс. Ұжымдағы жағымды ахуал балаларға да оң әсер етеді.

Қорытындылай келе, педагогикалық әдеп — тәрбиешінің кәсіби шеберлігінің ажырамас бөлігі. Әдепті педагог балалардың жан-жақты дамуына ықпал етіп, олардың тұлға болып қалыптасуына негіз қалайды.

Қарастырылатын сұрақтар

Қарастырылатын сұрақтар:

Педагогикалық әдеп дегеніміз не?

Әдеп нормаларының негізгі қағидалары

Балабақшалағы қарым-қатынас мәдениеті

Талқылау сұрақтары:

Жүргізуші қатысушыларға сұрақтар қояды:

Педагогтің сыртқы келбеті мен сөйлеу мәдениеті қаншалықты маңызды?

Баламен және ата-анамен қарым-қатынаста қандай әдеп нормаларын сақтау қажет?

Қиын жағдайларда (жанжал, түсініспеушілік) педагог өзін қалай ұстауы тиіс?

Әріптестер арасындағы кәсіби этика қандай болуы керек?

Практикалық тапсырма (жағдаяттарды талдау)

Қатысушылар 2–3 топқа бөлінеді.

Жағдаят 1:

Ата-ана тәрбиешіге дауыс көтеріп, наразылығын білдірді. Сіздің әрекетіңіз?

Жағдаят 2:

Әріптесіңіз бала туралы ата-ананың көзінше жағымсыз пікір айтты. Не істер едіңіз?

Жағдаят 3:

Бала тәртіп бұзды. Сіз эмоцияға берілдіңіз. Қалай түзетесіз?

Әр топ өз шешімін ұсынады.

Қорытынды бөлім Психолог сөзі: Педагогтың эмоционалдық тұрақтылығы мен кәсіби әдебі — табысты жұмыстың негізі.

Жүргізуші қорытындысы:

Кәсіби әдеп — педагогтың басты құндылығы

Әрқашан сабырлылық пен сыйластық сақтау қажет

Балалар мен ата-аналарға үлгі болу — біздің міндетіміз

«Педагогикалық әдеп комиссия отырысының»

№ 2 ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы: Педагогтардың кәсіби әдеп нормаларын сақтау мәселелері

Қатысты: 6

Педагогикалық әдеп комиссиясының төрайымы:

Ахметова Калима Нурасылована – тәрбиеші

Комиссия мүшелері:

Тукбаева Б.А – кәсіподақ төрайымы

Шульгина В.Р – тәрбиеші

Оразғалиева Н.А – хатшы

Бекетова Г.Б – тәрбиеші

Курманова Г.Т – тәрбиеші

Сергазықызы А – тәрбиеші

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық кәсіби әдеп нормаларын сақтау мәселелері
2. Тәрбиешілердің бала және ата-анамен қарым-қатынас мәдениеті

ТЫНДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша Педагогикалық әдеп төрайымы педагогикалық әдептің маңызы туралы баяндама жасады. Ол тәрбиешінің кәсіби әдебі балалар тәрбиесіне тікелей әсер ететінін атап өтті. Сонымен қатар, педагогтің сөйлеу мәдениеті, сыртқы келбеті және өзін-өзі ұстау әдебі маңызды екендігі айтылды.

2-мәселе бойынша тәрбиеші сөз алып, ата-аналармен қарым-қатынаста сыпайылық пен сабырлылық сақтау қажеттігін айтты. Балалармен жұмыс барысында әр баланың жеке ерекшелігін ескеру маңызды екендігі талқыланды.

Ұжымдағы жағымды психологиялық маңызын атап өтті. Өріптестер арасындағы сыйластық пен қолдау кәсіби жұмыстың сапасына әсер ететіні айтылып талқыланды.

ШЕШІМІ:

Барлық педагог қызметкерлер педагогикалық кәсіби әдеп нормаларын қатаң сақтасын.

Балалармен және ата-аналармен қарым-қатынаста сыпайылық, сабырлылық және мәдениеттілік қағидалары басшылыққа алынсын.

Комиссия төрайымы:



Ахметова К.Н

Хатшы:

Оразғалиева Н.А

Біз төмендегі комиссия мүшелері осы хаттаманың жүргізілуін растап қол қоямыз.

Тукбаева Б.А – кәсіподақ төрайымы

Шульгина В.Р – тәрбиеші

Оразғалиева Н.А – хатшы

Бекетова Г.Б – тәрбиеші

Курманова Г.Т – тәрбиеші

Сергазықызы А – тәрбиеші





**Ата-аналармен қарым-қатынастағы
педагогикалық әдеп**

Кездесу кешінің сценарийі

Тақырыбы: Ата-аналармен қарым-қатынастағы педагогикалық әдеп

Мақсаты: Ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы өзара түсіністік пен сенімді нығайту, педагогикалық әдеп нормаларын насихаттау.

Жүргізуші сөзі: Құрметті ата-аналар мен әріптестер! Бүгінгі кешіміздің тақырыбы – ата-аналармен қарым-қатынастағы педагогикалық әдеп. Бала тәрбиесі – ортақ міндет. Сондықтан бір-бірімізді түсіну мен құрметтеу өте маңызды.

Танысу тренингі «Жылы лебіз»

Қатысушылар шеңберге тұрып, өз есімін айтып, бала тәрбиесіне байланысты бір жақсы тілек білдіреді

Педагогикалық әдеп тәрбиесінің Баяндама

Тақырып: Ата-ана мен тәрбиеші арасындағы тиімді қарым-қатынас

Ата-ана – баланың алғашқы тәрбиешісі, ал балабақша тәрбиешісі – оның қоғамдық ортадағы дамуына бағыт беруші тұлға. Осы екі тараптың бірлескен әрекеті баланың тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Тиімді қарым-қатынастың негізгі қағидалары:

Өзара құрмет пен сенім

Ата-ана мен тәрбиеші бір-бірінің пікірін сыйлап, баланың мүддесін бірінші орынға қоюы қажет. Сенімді қарым-қатынас баланың психологиялық тұрақтылығына оң әсер етеді.

Ашықтық және тұрақты байланыс

Күнделікті қысқаша әңгіме, жиналыстар, жеке кенестер арқылы бала туралы ақпарат алмасу маңызды. Бұл баланың дамуын бақылауға мүмкіндік береді.

Бірізділік

Балабақша мен үйдегі талаптардың сәйкестігі баланың тәртібін қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Егер талаптар әртүрлі болса, балада түсінбеушілік пайда болады

Ынтымақтастық

Ортақ іс-шаралар, мерекелер, тренингтер ата-ана мен тәрбиеші арасындағы байланысты нығайтады. Мұндай әрекеттер баланың әлеуметтік бейімделуіне көмектеседі.

Кері байланыс

Ата-ана балабақша жұмысына қатысты өз пікірін білдіріп, ұсыныс жасай алады. Ал тәрбиеші бала жетістіктері мен қиындықтары туралы уақытында хабарлап отыруы тиіс.

Тиімді қарым-қатынастың формалары:

Ата-аналар жиналысы

Ашық есік күндері

Жеке кеңес беру

Бірлескен мерекелік іс-шаралар

Жағдаяттарды талқылау

Жағдаят 1:

Ата-ана баласының әрекетіне байланысты тәрбиешіге реніш білдірді. Не істеу керек?

Жағдаят 2:

Тәрбиеші ата-анаға баланың тәртібі туралы ескерту жасады. Ата-ана қалай дұрыс қабылдауы тиіс?

Жағдаят 3:

Бала балабақшада жылап жүр. Бұл жағдайда тәрбиеші мен ата-ана қалай әрекет етеді?

Рөлдік ойын «Түсіністік көпірі»

Екі қатысушы (ата-ана және тәрбиеші рөлінде) белгілі бір мәселені әдепті түрде шешіп көрсетеді.

Шығармашылық бөлім

«Біз біргеміз» жаттығуы:

Ата-аналар мен тәрбиешілер бірге «Бақытты бала» тақырыбында постер жасап, қорғайды.

Қорытынды: Тиімді қарым-қатынас – баланың бақытты дамуының кепілі.

Бірлік бар жерде – нәтиже бар

Бала үшін ата-ана мен тәрбиеші – бір команда

Әдеп пен құрмет – табыстың кілті

«Педагогикалық әдеп комиссия отырысының»

№ 3 ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы: Ата-аналармен қарым-қатынастағы педагогикалық әдеп

Қатысты: 6

Педагогикалық әдеп комиссиясының төрайымы:

Ахметова Калима Нурасылована – тәрбиеші

Комиссия мүшелері:

Тукбаева Б.А – кәсіподақ төрайымы

Шульгина В.Р – тәрбиеші

Оразғалиева Н.А – хатшы

Бекетова Г.Б – тәрбиеші

Курманова Г.Т – тәрбиеші

Серғазықызы А – тәрбиеші

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ата-аналармен қарым-қатынаста педагогикалық әдептің маңызы мен рөлі
2. Тәрбиеші мен ата-ана арасындағы тиімді қарым-қатынас орнату жолдары
3. Баланың жан-жақты дамуы үшін ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша Педагогикалық әдеп төрайымы «Педагогикалық әдеп – кәсіби мәдениеттің негізі» тақырыбында баяндама жасады. Өз сөзінде ол педагогикалық әдептің мәні мен мазмұнына кеңінен тоқталып, тәрбиешінің сыртқы келбеті, сөйлеу мәдениеті, мінез-құлқы бала тәрбиесіне тікелей әсер ететінін атап өтті. Сонымен қатар, ата-анамен қарым-қатынаста ұстамдылық, сыпайылық және кәсіби жауапкершілік маңызды екендігі айтылды. Бала тәрбиесінде ата-ана мен педагогтың бір бағытта жұмыс істеуі қажеттілігі ерекше атап өтілді.

2-мәселе бойынша тәрбиеші сөз сөйлеп, ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнатудың психологиялық ерекшеліктерін түсіндірді. Ол өз сөзінде тыңдай білу мәдениеті, эмпатия таныту, дұрыс сұрақ қоя білу және жағымды тіл табысу дағдыларына тоқталды. Сонымен қатар, ата-аналардың түрлі мінез-құлық типтері болатынын, әрқайсысына жеке тәсіл қажет екенін атап өтті. Қарым-қатынас барысында дауыс ырғағы, сөз саптау және эмоцияны басқару үлкен рөл атқаратыны айтылды.


3-мәселе бойынша: Ата-ана сөз алып, ата-аналармен бірлескен жұмыс нәтижесінде балалардың тәртібі мен дамуы жақсаратынын атап өтті. Ата-аналарды балабақша өміріне белсенді қатыстыру, бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру, ашық есік күндерін өткізу маңызды екендігі талқыланды.

ШЕШІМІ:

Балабақша педагогтары ата-аналармен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп нормаларын қатаң сақтасын және оны күнделікті тәжірибеде тұрақты қолданысын.

Тәрбиешілер ата-аналармен сөйлесу барысында сыпайылық, сабырлылық, түсіністік және кәсіби мәдениетті басшылыққа алысын.

Комиссия төрайымы:



Ахметова К.Н

Хатшы:



Оразғалиева Н.А

Біз төмендегі комиссия мүшелері аталған жұмыстардың жүргізілуін растап қол қоямыз

Тукбаева Б.А – кәсіподақ төрайымы




Шульгина В.Р – тәрбиеші



Оразғалиева Н.А – хатшы



Бекетова Г.Б – тәрбиеші



Курманова Г.Т – тәрбиеші



Серғазықызы А – тәрбиеші





**Балалармен жұмыс барысындағы
педагогикалық әдеп**

Тақырыбы: Балалармен жұмыс барысындағы педагогикалық әдеп

Мақсаты: Балалармен жұмыс барысындағы педагогтың өзін ұстау әдебі, пікірталас талқылау ойын жеткізуі.

Педагогикалық әдеп төрайымы: Бүгін біз «Баламен жұмыс барысындағы педагогикалық әдеп» тақырыбында пікірталас өткізіп отырмыз.

Балабақша – баланың тұлға болып қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Осы кезеңде тәрбиешінің әрбір сөзі, әрбір әрекеті баланың ішкі әлеміне әсер етеді. Бала бізден тек білім ғана емес, қарым-қатынас мәдениетін, мінез-құлық үлгісін де үйренеді. Сондықтан педагогикалық әдеп – біздің кәсіби қызметіміздің ажырамас бөлігі.

Бүгінгі пікірталас барысында біз өз тәжірибемізбен бөлісіп, түрлі жағдаяттарды талқылап, тиімді шешімдер табуға тырысамыз.

Педагогикалық әдеп комиссия төрайымы баяндамасы:

Педагогикалық әдеп – бұл педагогтың балалармен қарым-қатынасындағы мәдениеті, адамгершілігі және кәсіби мінез-құлқы. Әсіресе мектепке дейінгі жастағы

Әсіресе мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс барысында бұл ұғымның маңызы ерекше.

Балалар тәрбиешінің сөйлеу мәнерін, дауыс ырғағын, іс-әрекетін қайталайды. Сондықтан тәрбиеші әрдайым сабырлы, ұстамды, мейірімді болуы тиіс. Балаға дөрекі сөйлеу, дауыс көтеру, жазалау – педагогикалық әдепке қайшы келеді.

Педагогикалық әдептің негізгі қағидалары:

1. балаға құрметпен қарау
2. оның жеке тұлғасын сыйлау
3. сабырлылық пен төзімділік
4. әділдік пен жауапкершілік
5. жылы қарым-қатынас орнату

Педагогтың басты міндеті – баланың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Жағдаят сұрақтар пікір білдіру:

1. Баламен сөйлескенде қандай сөздерді қолдану керек?
2. Тәрбиеші эмоциясын қалай басқаруы тиіс?
3. Баланы жазалау педагогикалық әдепке сай ма?
4. Қиын мінезді балалармен қалай жұмыс жасау керек?
5. Педагогтың дауыс ырғағы балаға қалай әсер етеді?

Пікір білдіру

1. «Менің ойымша, балаға қатты сөйлеуге болмайды. Егер бала қателік жасаса, оны түсіндіру арқылы дұрыс жолға бағыттау керек.»

2. «Кейде балалар тәртіп бұзғанда сабыр сақтау қиын болады. Бірақ дәл сол кезде өзімізді ұстай білу – кәсіби міндетіміз.»

Психолог:

«Баланың мінез-құлқы көбіне оның ішкі жағдайына байланысты болады. Сондықтан біз ең алдымен баланы түсінуге тырысуымыз керек.»

Жағдаяттарды талдау

Енді нақты жағдаяттарды талқылайық.

1. Бала ойыншықты тартып алып, басқа баланы жылатты. Тәрбиеші ашуланып қалды.

Талқылау:

Қатысушылар өз пікірін айтады.

✓ Дұрыс шешім:

Балаларды сабырмен ажырату

Әрқайсысын тыңдау

Кінәламау, түсіндіру

Кешірім сұрату

Жағдаят 2:

Бала тәрбиешінің талабын орындамай, жылап отыр.

✓ Шешім:

Себебін анықтау

Баламен жеке сөйлесу

Жылы сөз айту

Қолдау көрсету

Жағдаят 3:

Бала басқа балаларға жиі тиіседі.

✓ Шешім:

Мінезінің себебін анықтау

Ата-анамен байланыс

Психолог:

Баламен жұмыс барысында:

сабыр сақтау

дауыс көтермеу

баланың эмоциясын түсіну

қолдау көрсету өте маңызды

«Жылы сөз – баланың жүрегіне жол табады».

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БӨЛІМ

«Мейірімді педагог қандай?»

постер жасайды

өз ойларын қорғайды

Педагогикалық әдеп комиссиясының қорындылауы

Бүгінгі пікірталас педагогикалық әдептің маңыздылығын тағы бір дәлелдеді. Өр педагог өз жұмысында сабырлы, әділ және мейірімді болуы тиіс.

Баламен жұмыс – үлкен жауапкершілік

«Педагогикалық әдеп комиссия отырысының»

№ 4 ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы: Балалармен жұмыс барысындағы педагогикалық әдеп

Қатысты: 6

Педагогикалық әдеп комиссиясының төрайымы:

Ахметова Калима Нурасылована – тәрбиеші

Комиссия мүшелері:

Тукбасва Б.А – кәсіподақ төрайымы

Шульгина В.Р – тәрбиеші

Оразгалиева Н.А – хатшы

Бекетова Г.Б – тәрбиеші

Курманова Г.Т – тәрбиеші

Сергазықызы А – тәрбиеші

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балалармен жұмыс барысында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, тәрбиешілердің кәсіби мәдениетін арттыру және балалармен қарым-қатынаста туындайтын

2. Қиын жағдайларды шешу жолдарын қарастыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша педагогикалық әдеп комиссиясы сөз алып, педагогикалық әдептің мәні мен маңызына кенінен тоқталды. Ол өз баяндамасында педагогикалық әдеп – тәрбиешінің кәсіби қызметіндегі мінез-құлық мәдениеті мен адамгершілік нормаларының жиынтығы екенін атап өтті. Баламен жұмыс барысында педагог әрдайым сабырлы, мейірімді, ұстамды болып, баланың жеке тұлғасына құрметпен қарауы тиіс екендігі айтылды. Сонымен қатар, тәрбиешінің сөйлеу мәдениеті, дауыс ырғағы, балалармен қарым-қатынас стилі олардың психологиялық жағдайына тікелей әсер ететіні орта екенін ерекше атап өтілді.

Бұдан кейін тәрбиеші сөз сөйлеп, балалармен қарым-қатынас жасауда педагогтың эмоциялық тұрақтылығының маңыздылығына тоқталды. Ол өз сөзінде балалардың мінез-құлқы әртүрлі болатынын, кейбір балалардың сезімтал, ал кейбіреулерінің белсенді немесе тұйық болатынын айтып өтті. Осындай ерекшеліктерді ескере отырып, әр балаға жеке көзқарас қажет екендігі айтылды. Сонымен қатар, педагогтарға ашуды басқару, дауыс көтермеу, қиын жағдайларда сабыр сақтау және баламен жылы қарым-қатынас орнату жолдары ұсынылды.

Тәрбиеші өз тәжірибесімен бөлісіп, балалармен жұмыс барысында жиі кездесетін жағдаяттарды атап өтті. Ол әсіресе балалар арасындағы жанжал, ойыншыққа таласу, тәртіп бұзу сияқты жағдайларда педагогтың дұрыс әрекет етуі маңызды екенін айтты. Мұндай жағдайда балаларды жазалау емес, олардың әрекетін түсіндіріп, дұрыс бағыт беру қажет екендігі айтылды. Әр баланың іс-әрекетінің себебін анықтау және оны түзетуге көмектесу – педагогикалық әдептің басты талаптарының бірі екендігіне назар аударылды.

Жалпы, тыңдалған баяндамалар мен айтылған пікірлер балалармен жұмыс барысында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау әр педагогтың басты міндеті екендігін көрсетті. Баланың психологиялық қауіпсіздігі мен эмоционалдық жайлылығы – сапалы тәрбиенің негізі болып табылатыны қорытындыланды.

ШЕШІМІ:

Балабақша педагогтары балалармен жұмыс барысында педагогикалық әдеп нормаларын қатаң сақтасын және күнделікті тәжірибеде тұрақты түрде қолданысын.

Тәрбиешілер балалармен қарым-қатынаста сабырлылық, мейірімділік, әділдік және түсіністік қағидаларын басшылыққа алсын. Әр балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның жас ерекшелігі мен психологиялық жағдайын ескеру жұмыстары күшейтілсін.

Қиын жағдайларда эмоцияға берілмей, мәселені түсіндіру, қолдау көрсету және дұрыс бағыт беру арқылы шешу тәсілдері қолданылсын.

Комиссия төрайымы:

Ахметова К.Н

Хатшы:

Оразғалиева Н.А

Біз төмендегі комиссия мүшелері аталған жұмыстардың жүргізілуін растап қол қоямыз

Тукбаева Б.А – кәсіподақ төрайымы

Шульгина В.Р – тәрбиеші

Оразғалиева Н.А – хатшы

Бекетова Г.Б – тәрбиеші

Курманова Г.Т – тәрбиеші

Серғазықызы А – тәрбиеші



№17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы

Педагогтардың сөйлеу мәдениеті және сыртқы келбеті



Тақырыбы: Педагогтардың сөйлеу мәдениеті және сыртқы келбеті

Мақсаты: Педагогтардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру кәсіби этика мен сыртқы келбеттің маңызын арттыру шығармашылық қабілеттерін дамыту

Міндеттері:

1. Дұрыс, сауатты сөйлеуді насихаттау
2. Педагогтың имиджін қалыптастыру
3. Үздік тәжірибелерді бөлісу

Байқау форматы:

Әр қатысушы немесе топ 3–5 минуттық бейнеролик ұсынады

Тақырыпты шығармашылық түрде ашады

Бағалау критерийлері:

Сөйлеу мәдениеті (анық, түсінікті, әдеби тіл)

Сыртқы келбет (ұқыптылық, педагогқа сай стиль)

Шығармашылық

Мазмұнның тереңдігі

Бейнеролик сапасы

Қайырлы күн, құрметті әріптестер!

Бүгін біз ерекше форматтағы байқауға жиналып отырмыз.

Бұл – тек жарыс емес, бұл – тәжірибе алмасу алаңы.

БЕЙНЕРОЛИКТЕР КӨРСЕТІЛІМІ

(Әр қатысушы кезекпен бейнеролик ұсынады)

Қатысушы 1

Тақырыбы: “Педагогтың сөйлеу мәдениеті – тәрбие құралы”

Мазмұны:

Баламен дұрыс сөйлесу

Дауыс ырғағы

Қате және дұрыс сөйлеу үлгілері

Қатысушы 2

Тақырыбы: “Сыртқы келбет – педагогтың айнасы”

Мазмұны:

Киім үлгісі

Ұқыптылық

Педагог стилі

Қатысушы 3

Тақырыбы: “Үлгілі педагог бейнесі”

Мазмұны:

Сөйлеу сыртқы келбет үйлесімі

Күнделікті жұмыс көрінісі

СҰРАҚ-ЖАУАП

Жүргізуші қатысушыларға сұрақ қояды:

1. Педагогтың сөйлеу мәдениеті неге маңызды?

2. Сыртқы келбет балаға қалай әсер етеді?

3. Қандай қателіктер жиі кездеседі?

ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

Әр қатысушыға қысқаша пікір

Артықшылықтары мен ұсыныстар

Номинациялар:

“Ең үздік сөйлеу мәдениеті”

“Ең үздік бейне идея”

“Үздік педагогикалық имидж”

“Креативті көзқарас”

Жүргізуші қорытынды сөзі:

Құрметті әріптестер!

Бүгін біз педагогтың тек білім беруші емес,

сонымен қатар мәдениетті, үлгілі тұлға екенін тағы бір дәлелдедік.

Педагогтың:

сөзі – тәрбие құралы

келбеті – үлгі

мінезі – бағдар

Қандай ой түйдіңіз?

ҚОРЫТЫНДЫ:

Бұл байқау педагогтардың кәсіби дамуына өзін-өзі жетілдіруіне шығармашылық қабілетіне жаңа серпін береді.

№ 5 ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы: Педагогтардың сөйлеу мәдениеті және сыртқы келбеті

Қатысты: 6

Педагогикалық әдеп комиссиясының төрайымы:

Ахметова Калима Нурасылована – тәрбиеші

Комиссия мүшелері:

Тукбаева Б.А – кәсіподақ төрайымы

Шулыгина В.Р – тәрбиеші

Оразгалиева Н.А – хатшы

Бекетова Г.Б – тәрбиеші

Курманова Г.Т – тәрбиеші

Сергазықызы А – тәрбиеші

КҮН ТӘРТІБІ:

1.«Педагогикалық сөйлеу мәдениеті және сыртқы келбеті» тақырыбында бейнеролик байқауын өткізу

2. Педагогтардың сөйлеу мәдениеті мен кәсіби имиджін талқылау

3. Байқау нәтижелерін қорытындылау

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша педагогикалық әдеп төрайымы ашып, бүгінгі бейнеролик байқауының маңыздылығына тоқталды. Педагогтың сөйлеу мәдениеті мен сыртқы келбеті – оның кәсіби шеберлігінің маңызды бөлігі екені атап өтілді.

Байқау барысында педагогтар өздерінің 3–5 минуттық бейнероликтерін ұсынды.
Бейнероликтерде:

1. Балалармен дұрыс және сауатты сөйлесу үлгілері

2. Дауыс ырғағы, тіл тазалығы

3. Педагогтың сыртқы келбеті мен ұқыптылығы

4. Дұрыс және қате әрекеттердің салыстырмасы

кеңінен көрсетілді.

Қазылар алқасы бейнероликтерді келесі критерийлер бойынша бағалады: сөйлеу мәдениеті, сыртқы келбет, шығармашылық деңгей, мазмұн сапасы.

Қатысушылар өз тәжірибелерімен бөлісіп, педагогикалық қарым-қатынаста жиі кездесетін қателіктер мен оларды түзету жолдарын талқылады.

ШЕШІМІ:

1. Педагогтар күнделікті жұмыс барысында сөйлеу мәдениетін сақтауды басты назарда ұстасын.
2. Балалармен және ата-аналармен қарым-қатынаста анық сыпайы түсінікті тіл қолдану ұсынылсын

Комиссия төрайымы:



Ахметова К.Н

Хатшы:



Оразғалиева Н.А

Біз төмендегі комиссия мүшелері ата-аналар жиналыстардың жүргізілуін растап қол қоямыз

Тукбаева Б.А – кәсіподақ төрайымы



Ибраһимов В.Р – тәрбиеші

Оразғалиева Н.А – хатшы




Бекітова Г.Б – тәрбиеші

Курманова Г.Т – тәрбиеші



Сұлғазықызы А – тәрбиеші

**Қиын жағдайларда педагогтың
әдепті мінез-құлқы**



Тақырыбы: Қиын жағдайларда педагогтың әдепті мінез – құлқы

Мақсаты: Педагогтардың кәсіби әдептілік мәдениетін дамыту, қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдау дағдыларын жетілдіру.

Бүгін біз өте маңызды тақырыпта пікірталас өткіземіз: «Қиын жағдайларда педагогтың әдеп мінез-құлқы».

Балабақшада түрлі жағдайлар кездеседі:

1. ата-анамен келіспеушілік
2. бала тәртібінің қиындығы
3. әріптестер арасындағы түсінбеушілік

Осындай сәттерде педагогтың кәсіби әдебі – оның ең басты құралы.

Бүгін екі топ өз көзқарастарын қорғайды:

I топ – «Сабырлылық»

(қиын жағдайда ең бастысы – сабыр сақтау деп есептейді)

II топ – «Талапшылық»

(тәртіп пен талап бірінші орында болуы керек деп санайды)

Негізгі пікірталас

I-тапсырма: Жағдаятты талдау

Жағдаят I

Бала басқа балаларды жиі итеріп, тәртіп бұзады. Ата-анасы бұл жағдайды мойындамайды.

Сұрақ: Педагог қалай әрекет етуі керек?

I топ («Сабырлылық»):

Ата-анамен сабырлы сөйлесу

Баланың жақсы жақтарын атап өту

Жағдайды жұмсақ түрде түсіндіру

II топ («Талапшылық»):

Нақты дәлелдер келтіру

Талап қою

Ережелерді қатаң сақтау

Рөлдік ойын

Жағдай:

Ата-ана педагогқа ашуланып, дауыс көтереді.

Рөлдер:

Педагог

Ашулы ата-ана

Тапсырма:

Әдепті сақтай отырып, мәселені шешу.

3-тапсырма: Жылдам сұрақтар

Жүргізуші екі топқа сұрақтар қояды:

Педагог ашулануға құқылы ма?

Баланы жазалау керек пе?

Ата-анамен дауласуға бола ма?

(Әр топ қысқаша жауап береді)

Сарапшылар пікірі

Сарапшылар әр топтың жұмысына баға береді:

1. дәлелділігі

2. әдептілігі

3. кәсібилігі

Құрметті әріптестер, бүгінгі пікірталастан біз мынадай қорытындыға келдік:

Педагог әрқашан сабырлы, ұстамды болуы керек

Сонымен қатар тәртіп пен таланты ұмытпау қажет

Әдептілік – педагогтың кәсіби бейнесінің негізі

Қорытынды сөз:

Педагогтың әдеп мінез-құлқы – балаларға ғана емес, ата-аналарға да үлгі. Қиын жағдайларда дұрыс әрекет ету – нағыз кәсібиліктің белгісі.

№ 6 ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы: Қиын жағдайларда педагогтың әдепті мінез-құлқы

Қатысты: 6

Педагогикалық әдеп комиссиясының төрайымы:

Ахметова Калима Нурасылована – тәрбиеші

Комиссия мүшелері:

Тукбаева Б.А – кәсіподақ төрайымы

Шульгина В.Р – тәрбиеші

Оразғалиева Н.А – хатшы

Бекетова Г.Б – тәрбиеші

Курманова Г.Т – тәрбиеші

Серғазықызы А – тәрбиеші

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қиын жағдайларда педагогтың әдеп мінез-құлқы тақырыбында пікірталас өткізу
2. Педагогтардың кәсіби этикасын жетілдіру жолдарын талқылау
3. Тәжірибеде қолданылатын тиімді әдістермен бөлісу

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша жиналысты педагогикалық әдеп төрайымы ашып, бүгінгі пікірталастың маңыздылығына тоқталды. Қиын педагогикалық жағдайларда әдептілік сақтау – әрбір тәрбиешінің басты міндеті екенін атап өтті.

Пікірталас барысында екі топ өз көзқарастарын білдірді:

I топ – «Сабырлылық»

Сөз сөйлеген педагогикалық әдеп төрайымы педагогтың сабырлығы кез келген жағдайды дұрыс шешуге мүмкіндік беретінін айтты. Ата-анамен және балалармен қарым-қатынаста ұстамдылық пен түсіністік маңызды екенін жеткізді.

II топ – «Талапшылдық»

Сөз сөйлеген тәрбиеші тәртіп пен талаптың маңыздылығына тоқталды. Балалардың мінез-құлқын қалыптастыруда нақты шекара мен талап қажет екенін атап өтті.

Сонымен қатар келесі жағдайларды талқылады:

Ата-анамен келіспеушілік жағдайлары

Баланың тәртіп бұзуы

Педагогтың эмоциясын басқару мәселесі

Педагогтар өз тәжірибелерімен бөлісіп, түрлі шешу жолдарын ұсынды.

ШЕШІМІ:

Педагогтар кыын жагдайларда әдептілік нормаларын сақтауды басты кагида ретінде ұстансын.

Ата-аналармен қарым-қатынаста:

сыйластық

ашық диалог

түсіндіру жұмыстарын жүргізу күшейтілсін

Комиссия төрайымы:



Ахметова К.Н

Хатшы:



Оразғалиева Н.А

Біз төмендегі комиссия мүшелері ата-аналар жұмыстардың жүргізілуін растап қол қоямыз:

Тукбаева Б.А – кәсіподақ төрайымы



Шульгина В.Р – тәрбиеші



Оразғалиева Н.А – хатшы

Бекетова Г.Б – тәрбиеші




Курманова Г.Т – тәрбиеші

Серғазықызы А – тәрбиеші



**Педагогикалық этика және ұжымдағы
қарым-қатынас**



Ақырыбы: Педагогикалық этика және ұжымдағы қарым-қатынас

Максаты: Педагогикалық этиканың маңыздылығын еске түсіру және ұжым ішіндегі қарым-қатынасты нығайту

Жүргізуші сөзі

Құрметті әріптестер! Бүгін біз ерекше форматтағы чөлентж өткіземіз. Педагогтың әр сөзі мен әрекеті балаға үлгі екенін ескере отырып, біз кәсіби мәдениетті бірге дамытамыз

Бүгінгі чөлентж 3 кезеңнен тұрады:

“Сыпайы сөз – сәтті қарым-қатынас”

“Жағдаятты шешу”

“Бірлік ағашы” қорытынды бөлімі

II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1-кезең: “СЫПАЙЫ СӨЗ – СӘТТІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС”

Шарты:

Қатысушыларға педагогикалық өмірден алынған қарапайым жағдаяттар беріледі. Әр қатысушы этикалық тұрғыда дұрыс жауап айтуы керек.

Мысал жағдаяттар:

Әріптесіңіз жұмысқа кешігіп келді. Сіз қалай сөйлейсіз?

Ата-ана сіздің жұмысыңызға сын айтты. Қалай жауап бересіз?

Бала тәртіп бұзды. Сіз қандай сөз қолданасыз?

Максаты:

Сыпайы сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, эмоцияны басқару.

2-кезең: “ЖАҒДАЯТТЫ ШЕШУ”

Шарты:

Топтарға бөлініп, күрделі педагогикалық жағдайды талқылап, шешім ұсыну.

Жағдаят 1:

Ұжымда екі педагог арасында түсінбеушілік туындады, бұл жұмысқа әсер етуде.

Сұрақ

– Бұл жағдайды қалай шешуге болады?

Жағдаят 2:

Ата-ана тәрбиешімен қатты дауласуда.

Сұрақ:

– Кәсіби этиканы сақтай отырып, жағдайды қалай реттейсіз?

Жағдаят 3:

Педагог шаршағандықтан балаларға қатты сөйлеп қойды.

Сұрақ:

– Қандай әрекет дұрыс болар еді?

Максаты:

Коммуникациялық дағдыларды дамыту, конфликтіні бейбіт шешу.

3-кезең: “БІРЛІК АҒАШЫ”

Шарты:

Әр педагог “Менің ұжымдағы қағидам” немесе “Мен қандай педагог болғым келеді” деген сөзін бір сөйлеммен айтады.

Мысал:

Мен әріптесімді сыйлаймын

Мен сабырлы педагог болуға тырысамын

Мен балаға мейіріммен қараймын

Әр қатысушы өз пікірін айтып болған соң, символикалық түрде “бірлік ағашы” құрастырылады (плакат немесе тақтада).

Максаты:

Ұжымдық бірлік пен позитивті орта қалыптастыру.

III. ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

Жүргізуші сөзі:

Құрметті әріптестер! Бүгінгі челендж барысында біз педагогикалық этиканың ұжымдағы қарым-қатынаста қаншалықты маңызды екенін көрдік. Сыпайы сөз, сабыр және өзара сыйластық – біздің кәсіби мәдениетіміздің негізі.

Бір-бірімізді түсіну арқылы ғана біз балаға сапалы тәрбие бере аламыз. Ұжымдағы жағымды атмосфера – баланың дамуына тікелей әсер етеді.

«Педагогикалық әдеп комиссия отырысының»

№ 7 ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы: Педагогикалық этика және ұжымдағы қарым-қатынас

Қатысты: 6

Педагогикалық әдеп комиссиясының төрайымы:

Ахметова Калима Нурасылована – тәрбиеші

Комиссия мүшелері:

Тукбаева Б.А – кәсіподақ төрайымы

Шульгина В.Р – тәрбиеші

Оразғалиева Н.А – хатшы

Бекетова Г.Б – тәрбиеші

Курманова Г.Т –тәрбиеші

Сергазықызы А –тәрбиеші

Күн тәртібі:

1. «Педагогикалық этика және ұжымдағы қарым-қатынас» тақырыбында чөлөндж өткізу.
2. Педагогтардың кәсіби қарым-қатынас мәдениетін талдау және жетілдіру жолдары.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Сөз сөйлеген педагогикалық әдеп төрайымы педагогикалық этика мен ұжым ішіндегі қарым-қатынастың маңыздылығын атап өтті. Педагогтың кәсіби мәдениеті тек білім беру сапасына ғана емес, ұжымдағы психологиялық ахуалға да тікелей әсер ететіні айтылды.

Чөлөндж барысында педагогтар үш кезең бойынша жұмыс жасады:

біріншісі – сыпайы сөйлеу мәдениеті,

екіншісі – жағдаяттарды шешу,

үшіншісі – “бірлік ағашы” арқылы ұжымдық құндылықтарды көрсету.

Сөз барысында педагогикалық қарым-қатынастағы негізгі қиындықтар да айтылды. Атап айтқанда, кейбір жағдайда эмоцияны бақылаудың қиындығы, уақыт тапшылығы және өзара түсінбеушілік мәселелері кездесетіні атап өтілді.

Сонымен қатар, ұжымдағы жағымды қарым-қатынас орнату үшін сыпайылық, сабырлылық, өзара құрмет және ашық диалогтың маңызды екені ерекше көрсетілді.

ШЕШІМІ:

«Педагогикалық этика және ұжымдағы қарым-қатынас» тақырыбындағы чөлөндж тиімді өткізілді деп танылсын.

Педагогикалық этика нормаларын сақтау ұжымның басты қағидаты ретінде бекітілсін.

Ата-аналармен және әріптестермен мәдени қарым-қатынас деңгейі күшейтілсін.

Комиссия төрайымы:

Ахметова К.Н

Хатшы:

Сразгалиева Н.А

Біз төмендегі комиссия мүшелері атынан жұмыстардың жүргізілуін растап қол қоямыз

Тукбаева Б.А — кәсіподақ төрайымы

Шульгина В.Р – тәрбиеші *mm*


Оразғалиева Н.А – хатшы

Бекетова Г.Б – тәрбиеші *Велик*

Курманова Г.Т –тәрбиеші

Сергазыкызы А –тәрбиеші *Сергеев*





Тақырыбы: Педагогтың әдеп үлгісінің қалыптасуына кедергі келтіретін мәселелерді анықтау

Мақсаты: Педагогтардың кәсіби әдеп нормаларын сақтауына әсер ететін қиындықтарды анықтау, оларды талқылау және шешу жолдарын қарастыру.

Міндеттері:

Педагогикалық әдеп туралы түсінікті нақтылау

Кедергі келтіретін факторларды анықтау

Өзара тәжірибе алмасу

Тиімді мінез-құлық үлгілерін қалыптастыру

I. Кіріспе бөлім

Жүргізуші сөзі:

Құрметті әріптестер! Бүгінгі әңгімелесуіміздің тақырыбы – педагогикалық әдеп. Педагогикалық әдеп – бұл тек әдепті сөйлеу ғана емес, ол – баламен, ата-анамен және әріптестермен қарым-қатынаста кәсіби мәдениетті сақтау. Біздің мақсатымыз – әдеп нормаларын сақтауға кедергі келтіретін жағдайларды анықтап, оларды бірге талқылау.

Сұрақ:

– Сіздер «педагогикалық әдеп» дегенді қалай түсінесіздер?

(Қатысушылардың жауаптары тыңдалады)

1. Ой қозғау

Жүргізуші:

Кейде біз өзіміз байқамай, педагогикалық әдеп нормаларын бұзып алуымыз мүмкін. Қандай жағдайларда бұл орын алады деп ойлайсыздар?

(Жауаптар: шаршау, уақыт тапшылығы, эмоциялық күй, ата-анамен келіспеушілік, т.б.)

2. Жағдаяттық тапсырмалар

Жағдаят 1:

Бала сабақ кезінде тындамай, шулап отыр. Тәрбиеші ашуланып, дауысын көтерді.

Сұрақтар:

– Бұл жағдайда қандай әдеп нормасы бұзылды?

– Қалай дұрыс әрекет ету керек еді?

Жағдаят 2:

Ата-ана баласының мінез-құлқына қатысты ескертуге ренжіп, тәрбиешімен дауласуда.

Сұрақтар:

- Мұндай жағдайда тәрбиеші өзін қалай ұстауы тиіс?
- Қарым-қатынасты қалай дұрыс жолға қоюға болады?

Жағдаят 3:

Әріптестер арасында түсінбеушілік туындап, ол балалардың көзінше талқыланды.

Сұрақтар:

- Бұл әрекеттің салдары қандай болуы мүмкін?
- Мұндай жағдайдың алдын алу жолдары қандай?

3. Талқылау

Жүргізуші қорытындылайды:

Педагогикалық әдепке кедергі келтіретін негізгі факторлар:

Эмоциялық күйзеліс, шаршау

Кәсіби күйіп кету

Уақыттың жетіспеуі

Коммуникация дағдыларының жеткіліксіздігі

Ата-анамен немесе әріптеспен түсінбеушілік

4. Шешу жолдарын іздеу

Сұрақ:

- Осы мәселелерді болдырмау үшін не істеу керек?

(Қатысушылар ұсыныс айтады)

Ұсыныстар:

Эмоцияны басқару дағдыларын дамыту

Өзара қолдау көрсету

Уақытты тиімді жоспарлау

Кәсіби біліктілікті арттыру

Ашық әрі сыпайы қарым-қатынас орнату

III. Қорытынды бөлім

Жүргізуші сөзі:

«Педагогикалық әдеп комиссия отырысының»

№ 8 ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы: Педагогтың әдеп үлгісінің қалыптасуына кедергі келтіретін мәселелерді анықтау

Қатысты: 6

Педагогикалық әдеп комиссиясының төрайымы:

Ахметова Калима Нурасылована – тәрбиеші

Комиссия мүшелері:

Тукбаева Б.А – кәсіподақ төрайымы

Оразғалиева Н.А – хатшы

Курманова Г.Т –тәрбиеші

Шульгина В.Р – тәрбиеші

Бекетова Г.Б – тәрбиеші

Сергазықызы А –тәрбиеші

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық әдеп үлгісінің қалыптасуына кедергі келтіретін мәселелерді анықтау.
2. Педагогтардың кәсіби қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру жолдары.

ТЫНДАЛДЫ:

I-мәселе бойынша:

Сөз сөйлеген педагогикалық әдеп төрайымы сөзінде педагогикалық әдептің балабақшадағы тәрбие мен оқыту үдерісіндегі маңыздылығына жан-жақты тоқталды. Педагогикалық әдеп – тәрбиешінің кәсіби мәдениетінің негізгі көрсеткіші екені, ол баламен, ата-анамен және әріптестермен қарым-қатынаста көрініс табатыны атап өтілді.

Сонымен қатар, педагогикалық әдептің толық қалыптасуына кедергі келтіретін негізгі мәселелер нақты мысалдар арқылы түсіндірілді. Атап айтқанда, қазіргі таңда педагогтар арасында кездесетін эмоционалдық шаршау, жұмыс жүктемесінің көптігі, уақыттың жетіспеушілігі, сондай-ақ ата-аналармен байланыс орнатудағы қиындықтар педагогтың мінез-құлқына әсер ететіні айтылды. Кейбір жағдайларда педагогтар эмоцияға беріліп, дауыс көтеру, асығыс шешім қабылдау сияқты әрекеттерге жол беріп жататыны да талқыланды.

Тәрбиеші сондай-ақ кәсіби күйіп кету мәселесіне ерекше тоқталып, оның педагогикалық әдепке тікелей әсер ететінін атап өтті. Мұндай жағдайда педагогтың балалармен қарым-қатынасы әлсіреп, сабырлылық деңгейі төмендеуі мүмкін екені айтылды.

Жиын барысында жағдаяттық тапсырмалар ұсынылып, педагогтар өз тәжірибелерімен бөлісті. Өсіресе ата-анамен туындайтын түсінбеушілік жағдайлары кеңінен талқыланды. Педагогтар мұндай жағдайда сабыр сақтап, кәсіби тұрғыда диалог жүргізудің маңыздылығын атап өтті.

ШЕШІМІ:



**Бір жылдық қорытынды
есеп беру жұмыстары**

Тақырыбы: Бір жылдық қорытынды есеп беру жұмыстары

Мақсаты: Балабақша педагогтарының кәсіби әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз ету, ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру және тәрбие мен оқыту үдерісінің сапасын арттыру болып табылады.

Есеп беру кезеңінде педагогикалық әдеп кеңесі жылдық жоспарға сәйкес жүйелі жұмыстар жүргізді. Жұмыс барысында педагогтардың кәсіби қарым-қатынас мәдениетін дамыту, ата-аналармен тиімді байланыс орнату және педагогикалық әдеп бұзушылықтарының алдын алу бағыттары қамтылды.

Негізгі бөлім

1. Ұйымдастыру жұмыстары

Жыл басында педагогикалық әдеп кеңесінің құрамы бекітіліп, жылдық жұмыс жоспары құрылды. Жоспарға сәйкес кеңес отырыстары тоқсан сайын өткізіліп отырды. Әр отырыста педагогикалық әдепке қатысты өзекті мәселелер қарастырылды.

қарастырылып, нақты шешімдер қабылданды.

Кеңес жұмысы барысында педагогтардың қызметіне бақылау жүргізіліп, олардың балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынасы талданды. Сонымен қатар педагогикалық әдеп талаптарының сақталу деңгейіне мониторинг жүргізілді.

2. Педагогикалық әдепті қалыптастыру бағытындағы жұмыстар

Оқу жылы ішінде педагогтардың кәсіби мәдениетін арттыру мақсатында бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды:

«Педагогикалық әдеп және кәсіби мәдениет» тақырыбында семинар

Өңгімелесу және пікір алмасу алаңдары

Жағдаяттық тапсырмалар арқылы тренингтер

Ашық сабақтар мен өзара қатысу жұмыстары

Аталған іс-шаралар педагогтардың өз іс-әрекетіне сыни көзқараспен қарауына, қарым-қатынас мәдениетін жетілдіруіне ықпал етті.

Сонымен қатар педагогтарға эмоцияны басқару, конфликт жағдайларын шешу және ата-аналармен тиімді диалог құру бойынша әдістемелік көмек көрсетілді.

3. Ата-аналармен жұмыс

Педагогикалық әдеп кеңесі ата-аналармен қарым-қатынас мәдениетін дамытуға ерекше көңіл бөлді. Осы бағытта:

Ата-аналар жиналыстары өткізілді

Жеке кеңестер ұйымдастырылды

Ашық есік күндері өткізілді

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде ата-аналар тарапынан балабақша қызметіне деген сенім артып, кері байланыс жақсарды.

5. Жетістіктер

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде келесі оң көрсеткіштерге қол жеткізілді:

Педагогтардың кәсіби әдеп деңгейі артты

Ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптасты

Ата-аналармен қарым-қатынас сапасы жақсарды

6. Қиындықтар

Жұмыс барысында кездескен негізгі қиындықтар:

Педагогтардың жұмыс жүктемесінің көптігі

Кейбір ата-аналардың белсенділігінің төмендігі

Уақытты тиімді ұйымдастыру мәселелері

Қорытынды

Қорытындылай келе, педагогикалық әдеп кеңесінің жұмысы жоспарлы түрде жүзеге асырылып, оң нәтижелер көрсетті. Педагогтардың кәсіби мәдениеті мен қарым-қатынас дағдылары айтарлықтай жақсарды.

Алдағы оқу жылында педагогикалық әдепті жетілдіру жұмыстарын жалғастыру, жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу және ата-аналармен серіктестікті нығайту жоспарлануда.

«Педагогикалық әдеп комиссия отырысының»

№ 9 ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы: Бір жылдық қорытынды есеп беру жұмыстары

Қатысты: 6

Педагогикалық әдеп комиссиясының төрайымы:

Ахметова Калима Нурасылована – тәрбиеші

Комиссия мүшелері:

Тукбаева Б.А – кәсіподақ төрайымы

Оразғалиева Н.А – хатшы

Курманова Г.Т – тәрбиеші

Шульгина В.Р – тәрбиеші

Бекетова Г.Б – тәрбиеші

Серғазықызы А – тәрбиеші

Күн тәртібі:

Педагогикалық әдеп кеңесінің 2025–2026 оқу жылындағы қорытынды есебі.

Педагогикалық әдепті жетілдіру бойынша алдағы оқу жылына ұсыныстар.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша кеңес төрайымы 2025–2026 оқу жылы аралығында педагогикалық әдеп кеңесі тарапынан атқарылған жұмыстарға жан-жақты тоқталды. Жылдық жоспарға сәйкес кеңес отырыстары уақытылы өткізіліп, педагогикалық әдеп нормаларын сақтау мәселелері жүйелі түрде қарастырылғаны атап өтілді.

Есеп барысында педагогтардың кәсіби қарым-қатынас мәдениетін дамыту мақсатында өткізілген семинарлар, тренингтер, әңгімелесулер мен әдістемелік жұмыстар туралы толық мәлімет берілді. Педагогтардың балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынасы

бақылауға алынып, талдау жүргізілгені айтылды.

Сонымен қатар мониторинг нәтижелері таныстырылып, педагогикалық әдептің сақталу деңгейі жалпы алғанда жақсы көрсеткішке жеткені атап өтілді. Дегенмен кейбір педагогтарда эмоциялық тұрақсыздық, уақыт тапшылығы және ата-аналармен қарым-қатынаста қиындықтар кездескені көрсетілді.

Тәрбиеші жыл ішінде қол жеткізілген жетістіктерге де тоқталды. Атап айтқанда, педагогтардың кәсіби мәдениеті артып, ұжымдағы психологиялық ахуал жақсарғаны, ата-аналармен байланыс нығайғаны және конфликт жағдайларының азайғаны айтылды.

ШЕШІМІ:

Педагогикалық әдеп кеңесінің 2025–2026 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

Педагогикалык эдеп нормаларын сактау жумыстары келеси оку жылында да жүйелі түрдө жалгастырылсын.

Педагогтардын эмоциялык жагдайын тұрактандыру максатында психологиялык тренингтер ұйымдастырылсын.

Комиссия төрайымы:

Хатшы:

Біз төмендегі комиссия мүшелері аталган жумыстардың жүргізілуін растап қол қоямыз

Тукбаева Б.А – кәсіподақ төрайымы Тукбаева В.Р – тәрбиеші

Оразгалиева Н.А – хатшы Оразгалиева Г.Б – тәрбиеші

Курманова Г.Т – тәрбиеші Курманова А – тәрбиеші

